



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 21.04
Алға қ.

№ 165

2025 года
г. Алға

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін
жұмысшы тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) Бөлімнің ұйымдастырушылық- басқарушылық, мемлекеттік сатып алу, әдістемелік жұмыстар, мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

А.Сембин – бөлім заңгері, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға;

Г.Буркиталина – бөлімнің сектор меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі;

А.Мекетаев – бөлімнің бас маманы, жұмыс тобының мүшесі;

Г.Төреғұлова – мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлға, жұмыс тобының мүшесі;

Д.Койшегулова- әдістемелік кабинет меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі басшысының м.а.**



Г.Буркиталина